

**Мәслихаттың 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 419 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 14 сәуірдегі № 33 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 сәуірде № 9871 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 17 қарашадағы № 98 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 17.11.2023 № 98 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 419, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9477 болып тіркелген шешіміне, мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

7-тармақтың 7) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"7) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, Жеңіс күніне орай, табыстарын есепке алмай, 1000000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясының төрайымы*

*С. Максүтова*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Д. Койшибаев*